

**А.С. КОШКИНБАЕВА,\*<sup>1</sup>**

PhD, қауымд.профессор.

\*e-mail: a.koshkinbayeva@turand.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-9327-9869

<sup>1</sup>«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ӘЛЕУЕТТІ ҚАУІПТІ ХИМИЯЛЫҚ НЕМЕСЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЗАТТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ БҰЗУ**

### **Андатпа**

Қоршаған ортаны қорғау – өзекті мәселе, ал оның дұрыс және уақтылы шешілуіне бүгінгі және болашақ ұрпақтың өмірі мен денсаулығы тікелей байланысты. Бұл мақаланың мақсаты Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 325 бабымен [1] жауаптылық қарастырылған экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу қылмыстық құқық бұзушылықтарын талдау арқылы нақты қорытындылар жасау болып табылады. Зерттеуде көтерілген мәселелер мен мақсаттардың маңыздылығы, ондағы тұжырымдар мен ұсыныстар қылмыстық құқық теориясының бір тарауы болып табылатын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес саласында белгілі бір үлес қосады. Зерттеудің әдіснамасы мақала барысындағы тұжырымдамалардың негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер кешені құрайды. Мақаланың практикалық құндылығы зерттеу шеңберінде автордың жасаған қорытындылары қылмыстық заң нормаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныстар тұжырымдау.

**Кілт сөздер:** экологиялық қауіпсіздік, экологиялық талаптарды бұзу, химиялық және биологиялық заттар, қоғамға қауіптілік, қылмыстық жауаптылық, қылмыстық заң.

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасында «төтенше экологиялық ахуал», «экологиялық апат аймағы» сияқты терминдер кең таралды. Олардың пайда болуы, әдетте, қоғамға қауіпті әрекеттермен байланысты. Табиғи ортаға түрлі қылмыстық қол сұғушылықтардың ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 325-бабымен жауаптылық қарастырылған экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу деп аталатын қылмыстық құқық бұзушылықтар ерекше орын алады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар, өкінішке орай, ғылыми-техникалық прогрестің теріс жағымен, гендік инженерия саласындағы ғылыми жетістіктермен және т.б. қамтылады. Адамзат өзінің тіршілік ету ортасын бұзуға немесе оны өз өміріне жарамсыз етуге қабілетті күшке айналды.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу тақырыбын әзірлеу кезінде жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер қолданылады. Оларға нақтырақ айтсақ, қылмыстық құқықтық және криминология ғылымында орын алған абстрактіден нақтыға көшу әдісі, әлеуметтік және құқықтық құбылыстар мен процестерді танудың диалектикалық әдісі, сондай-ақ формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелілік, социологиялық әдістер (оның ішінде құжаттарды зерттеу, контент-талдау) жатады.

### **Әдебиетке шолу**

Қай кезде болмасын экология мәселесі өзінің өзектілігінен арылған емес. Экологиялық құқық бұзушылықтармен байланысты ғылыми зерттеулер отандық ғалымдар И.Ш. Борчашвили [2], А.Н. Ағыбаев [3], Е.И. Қайыржанов [4], ТМД елдерінің ғалымдары Л.С. Андреева [5], Т.А. Бушуева [6], Е.В. Виноградова [7] сияқты ғалымдардың еңбектерінен көрініс табады.

## Негізгі ережелер

Химиялық және биологиялық заттар – табиғатқа ықпалды ірі топтағы заттар. Тірі организм органикалық, органикалық емес заттармен, өнімдермен немесе қоспалармен байланысқанда, не табиғат объектілеріне енгенде химиялық және биологиялық процестер қоршаған ортаға, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіреді.

Химиялық заттар біріншіден, табиғаттың ластануынан қорғаумен байланысты құқықтық қатынастың объектісі саналады, екіншіден химиялық заттармен ластанудан табиғатты құқықтық қорғау үшін құқықтық реттеу объектісін анық білуді, ал үшіншіден құқықтық және материалдық мағынада химиялық заттар бірыңғай ұғымды керек етеді.

Адам денсаулығына, табиғатқа тікелей не ықтимал зиянды ықпал ететін қасиеттері бар заттарды қауіпті химиялық заттар дейміз.

ҚР ҚК-і әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеудің экологиялық талаптарын сақтамағаны үшін жауаптылықты қарастырады. Қылмыстық іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі сол, ол қоршаған ортаға, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіріп, еліміздің экологиялық қауіпсіздігіне қолсұғады. Яғни, әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеудің экологиялық талаптарын сақтамаудың топтық объектісі экологиялық қауіпсіздік екені рас. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың түрлік объектісіне экологиялық талаптар жатады. ҚР ЭК-нің 280-бабында ықтимал қауіпті химиялық заттарды өндіру және қолдану барысындағы экологиялық талаптар бекітілген.

## Нәтижелер мен талқылау

ҚР ҚК-нің 325-бабындағы қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтың қосымша объектісі адамдардың өмірі, денсаулығы, тіршілік ортасы, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің өміршеңдігі танылады. Ал қылмыстық құқық бұзушылықтың заты – экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттар. Мұнда, өндірісте тиым салынатын қауіпті заттардың тізіміне жарылғыш заттар, сонымен қатар оқ-дәрілерді, өндіріс қалдықтарын, жарылыс құралын, пиротехникалық өнімдерінің қалдықтарын жоюдан кейінгі заттар жатады [8].

Ал РФ ҚК 247-бабындағы (Экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтардың айналысы қағидаларын бұзу) қылмыстың заты экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтар болып табылады [9]. Мұндағы, Экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтар деп адамның өмірі мен денсаулығына және (немесе) табиғи ресурстарға (қоршаған ортаға) зиян келтіруі мүмкін табиғи және жасанды жолмен алынатын заттар, кез келген текті қалдықтар түсініледі. Экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтардың қатарында заң шығарушы: қауіпті қалдықтардың тыйым салынған түрлерін, радиоактивті, бактериологиялық, химиялық заттар мен қалдықтарды атайды.

1997 жылғы ҚК-тің 278-бабы радиоактивті заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қылмыстық құқықтық қорғаған болатын. ҚР жаңа ҚК-нің 285-бабы радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен жұмыс істеу қағидаларын бұзылуы жағдайын қарастырады.

Мұндағы, экологиялық қауіпті заттар деп адам денсаулығына және қоршаған ортаға тікелей немесе ықтимал зиян келтіретін радиоактивті, бактериологиялық, химиялық заттарды танимыз. Бұл нормада ереже бұзылатын объектілердің қатарында қалдықтар мен гендік-инженерлік ағзалар бөлек аталынады.

ҚР ҚК-нің 325-бабының 1-тармағымен қарастырылған қылмыс құрамының объективті жағы келесі іс-әрекеттермен:

- ♦ экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану кезінде экологиялық талаптарды бұзу;

- ♦ олармен басқа да жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзумен сипатталған [1].

Химиялық өнімді өндіру және қолдануға, тасымалдау және сақтауға, химиялық өнімді таңбалауға, химиялық өнімнің бір немесе бірнеше өмірлік циклі процестерін тоқтатуға қойылатын талаптар; химиялық өнімнің өмірлік циклінің барлық сатыларында персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар жоғарыда аталған «Химиялық өнімнің

қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қаралған. Зерттелініп отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың заты химиялық затпен қатар, химиялық өнім де бола алатындықтан, ҚР ҚК-нің 325-бабының диспозициясындағы өзге де жұмысқа химиялық өнімді таңбалауға; химиялық өнімнің бір немесе бірнеше өмірлік циклі процестерін тоқтатуға қойылатын талаптар; химиялық өнімнің өмірлік циклінің барлық сатыларында персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды бұзуды жатқызамыз.

Ресей қылмыстық заңнамасында, экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтардың ережелерін бұзу жөніндегі қылмыстық норма диспозициясында тыйым салынған қауіпті қалдықтарды өндіру, радиоактивті, бактериологиялық, химиялық заттар мен қалдықтарды тасымалдау, сақтау, көму, қолдану не олармен өзге де қызметті атқарғанда ережелерді ескермегені үшін жауаптылық болады [10]. Онда, экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтармен қызметке радиоактивті, химиялық немесе бактериалды заттар мен қалдықтарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану, беру, сату және өзге де мәмілелерді жасау, тазалау, жинау, лақтыру, жою, құрту жатады. Ал, тыйым салынған қауіпті қалдықтарды өндіру дегеніміз химиялық, радиоактивті немесе биологиялық өнімдерді дайындау үрдісінде қалдық қалдырмай, сонымен қатар жинақтап, жоймай, залал келтірмеу саналады [11].

Яғни, отандық қылмыстық заңнама ресейлік нормадан қылмыс затымен ерекшеленеді екен, қауіпті химиялық, бактериалды, радиациялық заттар, қалдықтар, қауіпті қалдықтар, яғни соңғы екеуі артық. Ал объективті жағында тыйым салынған қауіпті қалдықтарды өндіру, экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтармен жұмыс істеу кезінде ережені бұзу қаралады. Отандық заңнамада қауіпті қалдықтарды өндіру қарастырылмайды.

ҚР ҚК-нің 325-бабының 2-тармағындағы қылмыстық құқық бұзушылық ірі экологиялық залал келтірген не келтіру қатерін туғызу жағдайында, ірі залал деп табиғатты тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажет шығындардың 1000 АЕК-тен асатын мөлшердегі құндық көрінісі танылады.

Заң шығарушы қылмыстық іс-әрекеттің «залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін болуы» ұғымын түсіндірмеген. Жоғары Соттың 20.04.2018 жылғы № 8 нормативтік қаулысының 21-пункті алып тасталғанша осы актіде «адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру қауіпі» ұғымы кездесті. Іс-тәжірбиеде «залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін болуы» жағдайына нақты айғақтар болған ретте ғана қылмыстық құқық бұзушылық ҚР ҚК-нің 325-бабымен саралануға жатады.

Сол норманың 2-тармағы, төтенше экологиялық ахуал аумағында қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен еңбек етуде экологиялық талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілікті белгілейді. ҚР ЭК-тің 173-бабында төтенше экологиялық жағдай ұғымына түсінік беріледі.

ҚР ҚК-нің 325-бабының 3-тармағы адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануы саралаушы белгісімен сипатталады. Жаппай сырқаттануда көп адамдар уақытша еңбек қабілетінен айырылады.

Келесі элемент – қылмыстың субъективті жағы. Мұндағы кінәнің интеллектуалдық және еріктілік моменттері объективті жақтың ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтың кінә нысанына қатысты көзқарастар біркелкі емес. И.Ш. Борчашвилидің еңбегінде, экологиялық тұрғыдан қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану немесе олармен өзге де жұмыс істеудің экологиялық талаптарын бұзу кінәнің тікелей немесе жанама қасақаналық нысанымен сипатталады. Тұлға экологиялық талаптарды сақтамағандығын сезеді, қоғамға қауіпті зардаптың тууын немесе туу мүмкіндігін болжай алады, тілемейді, бірақ бұл зардаптардың келетіндігіне саналы түрде жол береді немесе оған немқұрайды қарайды [2, 711 б.].

Ал А.Н. Ағыбаев, аталған қылмыстың субъективті жағы тікелей қасақаналық танылады [3, 317 б.] деп санайды. Мұнда, субъекті экологиялық тұрғыдан қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіргенде, тасымалдағанда, сақтағанда, көмгенде, пайдаланғанда не өзге жұмыс жасағанда экологиялық талаптарды сақтамаудың қоғамға қауіптілігін ұғынуы, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болуын немесе болмай қоймайтынын болжау және осы зардаптардың туындауын қалауы тиіс болады. Алайда автордың, субъектінің іс-тәжірбиеде аталған экологиялық талапты бұзуды, қоршаған ортанының ластануы түріндегі зардаптың келуін тілейді деген пікірімен келісу қиын.

ҚР ҚК-тің 325-бабындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі – тиісті нормативтік-құқықтық актіге сай химиялық және биологиялық заттармен операция жүргізу міндеті жүктелінген, 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға болады. Диспозицияда осы нормамен көзделген экологиялық талаптарды сақтауға жауапты тұлға нақты көрсетілуі тиіс.

Егер әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, қолдану немесе олармен басқа еңбектің жүргізілуін қамтамасыз ететін тұлғаның қызметін қызметтік бақылау міндеті жүктелінген лауазымды адам тұлғаны міндетінен шеттетсе, нәтижесінде ҚР ҚК-нің 325-баптың 2, 3-тармақтарындағы зардаптар келген болса, онда субъектінің іс-әрекеті 371-баппен (салғырттық) жиынтық ретінде сараланады.

Сот өндірісінен мысалдарға жүгінсек, сотталушы – еңбек шарты және қызметтік инструкцияға сәйкес, канализация жүйесінің барлық элементтерінің тұрақты, сенімді және тиімді жұмысын қамтамасыз етуге жауапты, канализация аймағының мастері қызметін иемденген азамат К. зақымданған құбырды жөндеуге байланысты шұғыл шараларды қолданбағандықтан туындаған төтенше жағдайға байланысты, тасымалданатын ағынды суларды апатты аймақтан айналдырып ағызғанда тазартылмаған ағынды су 504 шаршы метр аймаққа жайылып, оның 50,4 текше метрі И. су қоймасына құйылады. Ағынды сулардың әсерінен адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға айтарлықтай нақты залал келіп, су объектісі мен жерлер бактериялық ластанады. Бұл қылмыстық іс-әрекет қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде қағидаларды бұзу (ҚР ҚК-нің 325-бабы) болып сараланады. Мұнда қылмыстық іс-әрекеттің салдарынан залал адамның денсаулығына, су және жер объектілерінің бактериялық ластануы фактісі негізгі дәлелдеу заты болғандықтан, қылмысты ҚР ҚК-нің 325-бабымен саралауға толық негіз бар деп есептейміз [12].

Іс-тәжірбиеде ҚР ҚК-нің 325-бабын ҚР ҚК-тің 332-бабынан ажыратуда қиындықтардың жиі туындайтыны анық. Бұл нормалар өзара ұқсас. Алғашқы нормада экологиялық талап жөнінде, ал екінші нормада қағидалар жөнінде сөз қозғалады. Экологиялық заңнамада химиялық, радиоактивті немесе биологиялық заттарды сақтау, қолдану, тасымалдау немесе көму жөнінде экологиялық талаптан бөлек олармен жұмыс жүргізудің ережесі бар ма, болса қандай, деген сұрақ орынды туындайды. Химиялық, радиоактивті немесе биологиялық заттарды сақтау, пайдалану, тасымалдау немесе көму кезінде олармен жұмыс жүргізу қағидасы адамның денсаулығы мен өмірінің, сондай-ақ қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталары анық және олар арнайы техникалық регламенттермен реттеледі.

Екі норманың ара-жігі қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамын сипаттайтын белгілермен ажыратылады және қылмыстық саралау кезеңдерінен өту арқылы нәтижеге жетеміз.

Кейбір ресейлік еңбектерде қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде ережелерді бұзу, суларды ластау және теңіз ортасын ластау нормаларын ажырату барысында екі түрлі бағыт қалыптасқанын байқауға болады: бірі – РФ ҚК-нің 247-бабын – жалпы норма, ал 250, 252-баптарды – арнайы норма ретінде бәсекелес нормалар; ал екіншісі, бұл нормаларды бәсекелес емес аралас нормалар, деп есептегендер.

Аталған нормаларды бәсекелестер деп қарауды жақтаушылардың бірі – В.Н. Кудрявцев [13], ал аралас нормалар ретінде қарастырушылардың бірі Ю.А. Случевская болды.

## Қорытынды

Зерттеу жұмысында жасалған тұжырымдар мен ұсыныстарды қорытындылау орынды. Бұл тұжырымдардың сипаты зерттеу тақырыбымен анықталады. Жүргізілген зерттеу экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың тиімділігі негізінен қылмыстық құқықтық нормалардың лингвистикасының тиімділігіне тәуелді екенін көрсетті.

Ал енді қоршаған ортаға, не адамның денсаулығына келген зардапқа келсек, ҚР ҚК-нің 325-бабындағы зардаптың келуі фрагментімен шатастырады. Әрине, табиғат компоненттерінің бірінің ластану жағдайында міндетті түрде екінші табиғи компоненттің ластанатындығын теріске шығара алмаймыз. Сондықтан да бұл қиындықтарды жою үшін ҚР ҚК-нің 325-бабында қарастырылған қылмыстық іс-әрекеттердің қатарынан «көму», яғни әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды көму әрекетін алып тастаған жөн, шынында жерге қатысты айтсақ, қалдықтар көміледі. Ал ҚР ҚК-нің 332-бабының 1-тармағының диспозициясындағы

«сақтау, тасымалдау немесе» сөздері алынуы қажет. Себебі өзге де қауіпті химиялық, радиоактивті немесе биологиялық заттарды сақтау, қолдану, тасымалдау ҚР ҚК-нің 325-бабымен қарастырылады.

Бұл норманың 2-тармағы сол қалпында қала береді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі: 2014 жылдың 3 шілдесі, № 226-V ҚРЗ қабылданған. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- 2 Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Т. 2. – 1120 с.
- 3 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2000. – 520 б.
- 4 Каиржанов Е.И. Объект преступления – интересы социальных субъектов: монография. – Алматы: Экономика, 2008. – 160 с.
- 5 Андреева Л.С. Уголовная ответственность за нарушение правил безопасности при обращении с микробиологическими либо другими биологическими агентами или токсинами: автореф. ... канд. юрид. наук: 12.00.08. – М., 2014. – 28 с.
- 6 Бушуева Т.А. Общественная опасность неосторожных преступлений против природопользования // Проблемы борьбы с преступной неосторожностью в условиях научно-технической революции: темат. сб. – Владивосток: ДВГУ, 1976. – 200 с.
- 7 Виноградова Е.В. Экологические преступления: вопросы квалификации и юрисдикции. URL: <http://www.rumvi.com/products>.
- 8 Қауіптілік класы. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 9 Дуюнов В.К. и др. Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации: (постатейный). – М.: Волтерс Клувер, 2005. – 1104 с.
- 10 Уголовный кодекс Российской Федерации: принят 13 июня 1996 года, № 63-ФЗ (по состоянию на 24.09.2022). URL: <http://logos-pravo.ru/ugolovnyy-kodeks-rf-uk-rf>.
- 11 Уголовный кодекс Российской Федерации с комментариями. URL: <http://stykrf.ru/247>
- 12 БҚО экология департаментінің лауазымды қызметкерлеріне қатысты төрт қылмыстық іс қозғалды. URL: <https://lenta.inform.kz/kz/article/2915881>.
- 13 Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений. – М.: Юрид. лит., 1972. – 352 с.

### REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi: 2014 jyldyñ 3 şildesi, No. 226-V QRZ qabyldanğan. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (In Kazakh).
- 2 Borchashvili I.Sh. (2015) Kommentarij k Ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazahstan. Osobennaja chast'. – Almaty: Zheti Zharǵy, V. 2. 1120 p. (In Russian).
- 3 Aǵybaev A.N. (2000) Qylmystyq qūyq. Erekeşe bölim: oqulyq. – Almaty: Jeti jarǵy, 520 p. (In Kazakh).
- 4 Kairzhanov E.I. (2008) Ob#ekt prestuplenija – interesy social'nyh sub#ektov: monografija. – Almaty: Jekonomika, 160 p. (In Russian).
- 5 Andreeva L.S. (2014) Ugolovnaja otvetstvennost' za narushenie pravil bezopasnosti pri obrashhenii s mikrobiologičeskimi libo drugimi biologičeskimi agentami ili toksinami: avtoref. ... kand. jurid. nauk: 12.00.08. M., 28 p. (In Russian).
- 6 Bushueva T.A. (1976) Obshhestvennaja opasnost' neostorozhnyh prestuplenij protiv prirodopol'zovanija // Problemy bor'by s prestupnoj neostorozhnoşt'ju v uslovijah nauchno-tehnicheskoj revoljucii: temat. sb. – Vladivostok: DVGU, 200 p. (In Russian).
- 7 Vinogradova E.V. Jekologičeskie prestuplenija: voprosy kvalifikacii i jurisdikcii. URL: <http://www.rumvi.com/products>. (In Russian).
- 8 Qauptılık klasy. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/> (In Kazakh).
- 9 Dujunov V.K. i dr. (2005) Kommentarij k Ugolovnomu kodeksu Rossijskoj Federacii: (postatejnyj). – M.: Volters Kluver, 1104 p. (In Russian).
- 10 Ugolovnyj kodeks Rossijskoj Federacii: prinjat 13 ijunja 1996 goda, No. 63-FZ (po sostojaniju na 24.09.2022). URL: <http://logos-pravo.ru/ugolovnyy-kodeks-rf-uk-rf>. (In Russian).
- 11 Ugolovnyj kodeks Rossijskoj Federacii s kommentarijami. URL: <http://stykrf.ru/247> (In Russian).
- 12 BQO ekologija departamentiniñ lauazyndy qyzmetkerlerine qatysty tört qylmystyq is qozǵaldy. URL: <https://lenta.inform.kz/kz/article/2915881> (In Kazakh).
- 13 Kudrjavcev V.N. (1972) Obshhaja teorija kvalifikacii prestuplenij. M.: Jurid. lit., 352 p. (In Russian).

**А.С. КОШКИНБАЕВА,\*<sup>1</sup>**

PhD, асоц. профессор.

\*e-mail: a.koshkinbayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-9327-9869

<sup>1</sup>Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

## **НАРУШЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ТРЕБОВАНИЙ ПРИ ОБРАЩЕНИИ С ЭКОЛОГИЧЕСКИ ПОТЕНЦИАЛЬНО ОПАСНЫМИ ХИМИЧЕСКИМИ ИЛИ БИОЛОГИЧЕСКИМИ ВЕЩЕСТВАМИ**

### **Аннотация**

Охрана окружающей среды – актуальная проблема, и от ее правильного и своевременного решения напрямую зависит жизнь и здоровье нынешнего и будущих поколений. Цель данной статьи состоит в том, чтобы сделать конкретные выводы путем анализа уголовных правонарушений за нарушение экологических требований при обращении с экологически потенциально опасными химическими или биологическими веществами, ответственность за которые предусмотрена статьей 325 Уголовного кодекса Республики Казахстан [1]. Значимость проблем и целей, поднятых в исследовании, выводы и предложения в нем вносят определенный вклад в сферу борьбы с экологическими уголовными правонарушениями, являющимися одной из глав теории уголовного права. Методология исследования представляет собой комплекс общенаучных и частных научных методов, направленных на обеспечение обоснованности и достоверности концепций в ходе статьи. Практическая ценность статьи состоит в том, что в выводах, сделанных автором в рамках исследования, сформулированы предложения по внесению изменений и дополнений в нормы уголовного права.

**Ключевые слова:** экологическая безопасность, нарушение требований, химические и биологические вещества, общественная опасность, уголовная ответственность, уголовное право.

**A.S. KOSHKINBAYEVA,\*<sup>1</sup>**

PhD, Associate Professor.

\*e-mail: a.koshkinbayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-9327-9869

<sup>1</sup>Turan University,

Almaty, Kazakhstan

## **VIOLATION OF ENVIRONMENTAL REQUIREMENTS WHEN HANDLING POTENTIALLY HAZARDOUS CHEMICAL OR BIOLOGICAL SUBSTANCES FROM AN ENVIRONMENTAL POINT OF VIEW**

### **Abstract**

Environmental Protection is an urgent problem, and the life and health of today's and future generations directly depends on its correct and timely solution. The purpose of this article is to draw specific conclusions by analyzing criminal offenses of violation of environmental requirements when working with environmentally potentially dangerous chemical or biological substances, for which liability is provided for by Article 325 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan [1]. The importance of the problems and goals raised in the study, the conclusions and recommendations contained in it make a certain contribution to the field of combating environmental criminal offenses, which is one of the chapters of the theory of criminal law. The methodology of the study is a complex of general scientific and individual scientific methods aimed at ensuring the validity and reliability of concepts in the course of the article. Practical value of the article conclusions made by the author within the framework of the study formulate proposals for amendments and additions to the norms of criminal law.

**Key words:** environmental safety, violation of environmental requirements, chemical and biological substances, danger to society, criminal liability, criminal law.